

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1748 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 554 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 10 сәуірдегі N 109 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 16 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2277. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 108 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 108 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығаруды, орналастыруды, айналысқа шығаруды және өтеуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 554 қаулысына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1748 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2002 жылғы 28 қаңтар-10 ақпандағы N 3 (226) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу ережесінің:

5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5 Аукцион - ең жоғары дисконттелген бағадан бастап және аукционның жарияланған талаптары шегінде кесімді бағамен аяқталатын (бағалардың көптігін қанағаттандыратын) Бастапқы агенттің өтінімдерінде көрсетілген дисконттелген баға бойынша тиісті эмиссияның қысқа мерзімді ноттарын орналастыру.";

6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қосымша орналастыру - тиісті эмиссияның қысқа мерзімді ноттарының қосымша көлемін аукционда қалыптасқан орташа алғандағы дисконттелген баға бойынша орналастыру.";

7-тармақтағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қысқа мерзімді нот эмиссиялық мемлекеттік дисконттелген құжаттамасыз бағалы қағаз болып табылады."

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қысқа мерзімді ноттарды шығару, орналастыру шарттарын және айналыс мерзімін Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты мақсаттарына сәйкес белгілейді.";

15 - т а р м а қ т ы ң :

бірінші абзацындағы "мынадай әдістермен" деген сөздер "былайша" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) және 2) тармақтардағы "әдісімен" деген сөз "арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "әдісімен" деген сөз алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 16-1 тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Ұлттық Банк ақша-кредит саясаты міндеттерін орындауға көлемі мардымсыз және бағалар талабы қанағаттанғысыз болған жағдайда қысқа мерзімді ноттар орналастырылмады деп жариялауға құқылы. Орналастырылмағаны жөніндегі хабарлама Төрағаның уәкілетті бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарының өкімімен бекітіледі.";

19-тармақтағы "364" деген сандар "365" деген сандармен ауыстырылсын;

37-тармақтағы "Қосымша орналастыру әдісі бойынша" деген сөздер "Қосымша орналастырған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-тармақтағы "Аукцион және қосымша орналастыру әдістерін" деген сөздер "Аукционды және қосымша орналастыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

41-тармақтағы "әдісімен" деген сөз "өткізу арқылы" деген сөзбен ауыстырылсын;

42-тармақтағы және бұдан ары бүкіл мәтін бойынша "депо" тапсырмасы", "депо" тапсырмасын", "депо" тапсырмаларының" деген сөздер "бұйрық", "бұйрықты", "бұйрықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

44-тармақтағы "тапсырмалардың тек сәйкес келген тармақтары" деген сөздер "бұйрықтардың тек сәйкес келген тармақтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

46-тармақтағы "тапсырманы" деген сөз "бұйрықты" деген сөзбен ауыстырылсын;

51-тармақтағы "аукционда" деген сөз алынып тасталсын;

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Өтелуге жататын қысқа мерзімді ноттардың айналысы өтеу күніне дейін немесе мерзімінен бұрын өтеу күніне дейін бір жұмыс күні бұрын аяқталады.";

54-тармақтағы "өтеу" деген сөзден кейін "немесе мерзімінен бұрын өтеу" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 71-тармақпен толықтырылсын:

"71. Орталық депозитарий мен Ұлттық Банктің, сондай-ақ Бастапқы агенттердің бұйрықтарды орындау және ақша аудару жөніндегі өзара қарым-қатынастары тиісті шарттармен реттеледі.";

1 - қ о с ы м ш а н ы ң :

2.1.4 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Қысқа мерзімді ноттар Ережеге сәйкес өтелсін.";

2.2.2. тармақтағы "аукционда қанағаттандырылған қысқа мерзімді ноттар өтінімдерінің" деген сөздер "сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2.3. тармақтағы "аукциондарына" деген сөз "орналастыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

2.4.5. тармақтағы "аукционға" деген сөз "орналастыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

2.4.6. тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

"2.4.6. Ережеге сәйкес сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың ақысын төлеуге тиісті ақы төлеу күні сағат 17.00-ден кешіктірмей ақшаның түсуін қамтамасыз етсін. Сатып алынған қысқа мерзімді ноттардың ақысын төлеуге ақша сағат 17.00-ден кейін түскен жағдайда ақша түсуінің кешігуі ақша бір күнге кешіктіріліп түсті деп қаралады;"

3.2. тармақтағы "аукционда" деген сөз алынып тасталсын;

2-қосымша осы қаулының Қосымшасына сай редакцияда жазылсын;

3 - қ о с ы м ш а д а :

қосымшаның атауындағы "жиынтық ведомосі" деген сөздердің алдына "аукционның" деген сөзбен толықтырылсын, "мерзімі" деген сөз "күні" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - қ о с ы м ш а д а :

кестенің екінші бағанының бірінші жолындағы "тіркеу коды" деген сөздер "депо" шоты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - қ о с ы м ш а д а :

қосымша атауының "жиынтық ведомосі" деген сөздердің алдына "қосымша орналастырудың" деген сөздермен толықтырылсын, "мерзімі" деген сөз "күні" деген сөзбен ауыстырылсын.

Өтінім

Бастапқы агент ретінде әрекет ететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби катысушысы N _____

(ресми атауы және оның "депо" шоты)

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шот N _____, БИК _____ күн айналыс мерзімімен және _____ күн өтеу мерзімімен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттарын мынадай баға талаптарымен сатып алуға әзірлігін білдіреді:

Тармақ. !Қысқа !Бастапқы! Бір !Номиналдық !Бір ноттың !Дисконт.
тың но. !мер !агенттің! ноттың !күн бойынша! дисконттел. !телген
мері N !зімді ! "депо" !номи. !сатып алу !ген бағасы !баға
!нот. !шоты !налдық !көлемі ! !бойынша
!тардың! !құны ! ! !сатып алу
!саны ! ! ! !көлемі
!(дана)! !(теңге)! (теңге) ! (теңге) !(теңге)

бәсекелес ұсыныстар

Жиынтығы:

бәсекелес емес ұсыныстар

Ж и ы н т ы ғ ы :

Басшы: _____ аты-жөні

Бас бухгалтер: _____ аты-жөні